

Құжаттың коды
203.0814**«Жарнама саласында көрсетілетін қызметтер жөніндегі»
№ 1-жарнама (жылдық) статистикалық есептілік
нысанын толтыру бойынша нұсқау**

№1-жарнама нысанын негізгі қызмет түрі тұтынушыларға жарнама саласында қызмет көрсететін, жеке немесе заңды тұлғалар, тауарлар, қызметтер, мақсаттар және бастамалар туралы жарнамалық ақпараттарды шығару, орналастыру, таратумен шұғылданатын барлық заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері толтырады.

Жарнаманы шығарушы және жарнама таратушы ретінде жарнаманы шығаратын ұйым 01 және 03 коды бойынша бір мезгілде шығаруы тиіс.

Жарнама шығарушы-жарнамалық ақпаратты тарату және орналастыру үшін дайындап, жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Жарнама таратушы-жарнамалық ақпараттарды мүліктерді ұсыну және (немесе) пайдалану жолымен, соның ішінде техникалық құралдармен радио- және (немесе) телевизиялық хабарлар және өзге де тәсілдермен таратуды және орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

№1-жарнама нысанының барлық құнды көрсеткіштері бір ондық белгімен, қалған көрсеткіштері бүтіндей бірлікпен келтіріледі.

2-бөлім. Негізгі экономикалық көрсеткіштер

01 жол бойынша - орташа жыл ішіндегі қызметкерлердің тізімдік саны көрсетіледі. Қызметкерлердің тізімдік саны азаматтық құқықтық сипаттағы келісім бойынша жұмыстарды орындайтын адамдардан басқа, келісім мерзіміне қарамастан жеке еңбек шарты бойынша қабылданған адамдардың саны.

Азаматтық құқықтық сипаттағы келісім бойынша жұмыстарды орындайтын адамдарға (яғни ұйымның тізімдік құрамына кірмейтін), ұйымның ішкі тәртібіне бағынбайтын, белгілі бір жұмыстарды (бір күндік, арнаулы шаруашылықтық, нақты жұмыс көлемін орындау үшін) тек қана уақытша орындауға шарт немесе өзара шарт бойынша қабылданған адамдар жатады.

Тізімдік санға жұмыс берушінің актілерін орындайтын, белгілі мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша жұмыстарды орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімдік санына кірген қызметкерлердің барлығы есептелінеді.

01 жолдың **02 жолы бойынша** жарнама қызметімен кәсіптік шұғылданатын қызметкерлердің саны көрсетіледі. Баспа жарнамаларын таратушылар (агенттер) осы жол бойынша басқа қызметкерлер сияқты есептелінеді, егер олар жарнама жұмыстарын азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім бойынша орындаған жағдайда. Сондықтан осы қызметкерлер барлық келісілген мерзім ішінде күн сайын бүтін бірлік ретінде есептелінеді.

03 жолда тауарларды, өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен табыстар туралы деректер келтіріледі (ҚҚС, акциздер және т.б. салықтар мен төлемдерді шегергенде). Табыстар туралы мәліметтер кәсіпорынның бухгалтерлік балансының 701 бабының негізінде қалыптасады.

04 жол бойынша осы сомадан жарнама қызметінен түскен табыс (түсім) белгіленеді. Демеушілік салым жарнама үшін төлем ретінде және демеушілік көмек туралы келісім-шарттың бар жағдайында қабылданады және ол 04 жолға қосылуы тиіс.

05 жол бойынша жарнама қызметінен түскен түсімнен жарнаманы жоспарлау және жасаудан түскен, **06 жол бойынша**-жарнамаға арналған орынды немесе уақытты сату және жалға беруден түскен, **07 жол бойынша**- жарнаманы таратудан және орналастырудан түскен, **08 жол бойынша** жарнама саласындағы өзге де қызметтерден түскен табыс көрсетіледі.

09 жол бойынша кәсіпорынның бухгалтерлік балансының 801 және 811 бабының негізінде қалыптасқан, ұйымдардан шығарылған шығыстар есептелінеді. **10 жол бойынша** шығыстардың жалпы сомасынан жарнамалық қызметтерге кеткен шығыстар көрсетіледі.

11 жол бойынша ұсынылған деректер, ал **12 жол бойынша**-халықаралық қызмет саласынан алынған жарнамалық қызметтер келтіріледі.

Шет елге шығарылатын, шет елден әкелінетін қызметтер ұйымның есеп шотына ақшаның түскен немесе түспегеніне қарамастан, есепті кезеңнің ішінде ақшалай немесе басқа түрде (мысалы, берешекті өтеу есебіндегі қызметтер) резидент және резидент еместер арасындағы келісілген келісім-шартқа сәйкес көрсетілген қызметтерге түскен (төленген) қаражаттың көлемін мың теңгемен көрсетеді. **11 және 12 жолдар бойынша мәліметтерді** қызметтерді ұсыну және алу туралы өз еркімен келісім жасасқан (өз ара шарт жасаушылар), кәсіпорындар мен ұйымдар береді.

3-бөлім. Жарнаманы тарату шарттары және жарнаманы орналастыру үшін ұйымдардың шығарған шығыны

Осы бөлімде жарнаманы бұқаралық ақпарат құралдарында, көліктерде, сыртта (көзбен шолу), көшелерде және т.б. жерлерде тарату шарттары көрсетіледі.

4-бөлім. Жарнама қызметтерін орындау үшін жасалған шарттардың саны туралы мәліметтер

4-бөлімде есепті жылдың ішінде жарнама беруші (жарнама шығарушы) ұйымдармен келісім бойынша, жарнамалық ақпараттарды жасау, орналастыру және таратуға байланысты келісім-шарт туралы деректер келтіріледі, **5 бағанда** - ескертілген мерзімге қарамастан, келісім-шарт орындалуы тиіс. **1-бағанда** келісім-шарт бойынша келісілген сома көрсетіледі (яғни, жарнама берушіден ұйымның келісім-шарт бойынша алатын түсімі). **2-бағанда** келісім-шартты жалпы саны көрсетіледі. Келісім-шартқа орындалған жұмысты білдіретін барлық құжат (түбіртек, ордер және т.б.) теңестіріледі. **3-бағанда** келісім-шарттың жалпы санынан келісім-шарт бойынша барлық кезеңде орындалған жарнама жұмыстарының (яғни, жоспарлау, жасау, орналастыру немесе тарату) саны көрсетіледі. **4-бағанда** жарнаманы тек қана жоспарлау және жасау келісім-шарты, **5-бағанда** тек қана жарнаманы орналастыру және (немесе) тарату, **6-бағанда** жарнамаға арналған орынды немесе уақытты сату және жалға беру көрсетіледі. 3-6 бағандардың қосындысы әр жол бойынша 1 бағанға тең.

01 жол бойынша келісілген келісім-шарттың (жарнама беруші немесе жарнама шығарушы ретіндегі заңды және жеке тұлғалармен) жалпы саны туралы деректер көрсетіледі. **02-13 жолдар бойынша** тауарлар мен қызметтерді жарнамалау түрлері бойынша оларды орналастыру көрсетіледі. **01 жолдың** деректері **02,05,08 жолдардың** қосындысынан көп немесе тең болады, ал **09 жолдың** деректері **10-13 жолдардың** қосындысынан асып түседі немесе тең болады.

5-бөлім. Жарнама бизнесін дамытуға кедергі келтіретін негізгі факторлар

Осы бөлімнің **01-06 жолдары** бойынша жарнама рыногындағы Сіздің бизнестің дамуына кедергі келтірген факторларды көрсетуіңізді сұраймыз.

Осы Нұсқаулардың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2005 жылғы 10 маусымдағы № 14-г бұйрығымен бекітіліп, бұрыннан қолданылып келген Жарнама саласында көрсетілетін қызметтер туралы бір жолғы зерттеу сауалдамасын толтыру бойынша нұсқау нысандарын толтыру тәртібі туралы нұсқаулық қолданыстан шығарылады.